

"Ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының ережелерін бекіту туралы"
Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 189 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қарашадағы № 462 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қарашада № 3437 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 204 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 05.05.2016 № 204 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 2 тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18 бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес, Бәйдібек ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 189 "Ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының ережелерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3070 тіркелген, 2015 жылғы 27 наурызда "Шаян" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бәйдібек ауданы әкімдігінің "Алғабас ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереженің орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бәйдібек ауданы әкімдігінің "Алмалы ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереженің орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік тілдегі "Бәйдібек ауданы әкімдігінің "Бөген ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереженің 17 тармағының екінші бөлігіндегі және 1) тармақшасында "Бәйдібек ауданы әкімдігінің "Ағыбет ауылдық округі әкімі аппараты" деген сөздер " Бәйдібек ауданы әкімдігінің "Бөген ауылдық округі әкімі аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бәйдібек ауданы әкімдігінің "Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереженің орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Б.Тасболатовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін
уақытша атқарушы:*

А.Темір